

Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

№45 (10 248)

1 қараша

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



БҮЛ КҮН - ҰЛТТЫҚ ӨРЛІК ПЕН АЗАТТЫҚТЫҢ АҚШАМЫ



Тәуелсіздік, азаттық, еркіндік, бостандық, азаматтық - деген жанымызға жақын сөздердің басында егемендік деген ұлы сөз бар. Біз егемен, тәуелсіз Қазақстанның азат, еркін азаматымыз.

Тәуелсіздік қай елдің болмасын басты игілігі. Баға жетпес құндылығы. Ендеше, біздің де тәуелсіздігіміз баянды болу үшін оның бастауы - Республика күні де ерекше маңызға ие болуы шарт.

Осы ұлттық өрлік пен азаттықтың ақшамы болған - 25 қазан Республика күні ауданымызда зор салтанатпен аталып өтті. Қаншама жыл араға үзіліс салып, қайтадан тойлана бастаған ұлттық мерекеміз - «Егемендік күнін» еліміздің ба-

сты мерекесі ретінде атап өтуіміз - Мемлекетіміздің басшысы Қасым - Жомарт Кемелұлы айтқандай, елдің мемлекет құру жолындағы тарихы қадамының символы болуы тиіс.

Иә, бұл күн біз үшін құнды. Елдік еркіндік, азаматтық азаттық, ұлттық ұлағат осы күнмен астарласып жатыр.

Осы мерекеге орай, «Қобызшы Молықбай» атындағы мәдениет үйінде салтанатты шара өтті. Шара барысында көрсетілген алғашқы бейне роликтің өзі осы күннің құндылығын ашып тастады.

Алғашқы құттықтау сөзді алған аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы аудан халқын мерекемен құттықтап, аудандық мәслихат төрағасы Сүлейменов Бейбіт Жаңылысұлымен бірлесе

бірқатар азаматарға Ақсу ауданының "Құрметті азаматы" атағы мен бірқатар азаматтардың есімі ауданның "Құрмет кітабына" енгізілгені туралы куәліктерін берсе, аудан мақтанштары болған бірнеше азаматтар мен азаматшаларға облыс әкімінің және өзінің атынан мақтау қағаздарын тапсырды.

Мерекелік шара аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Жоспарға сай ауданда атқарылған барлық шаралар осы Республика күніне байланыстырылып жатты.

Ертеңінде аудан орталығындағы Ту алаңында мемлекеттік Гимніміз шырқалып, мемлекеттік туымыз көтерілді.

Ербол СЫМХАНОВ.

Ақсу еңбектің тәтті түбірі зауытына құйылууда



Ақсу ауданы - облыстың қызылша егетін аймақтарының бірі. Облыстағы екі қант зауытының бірі біздің ауданымызда орналасқан. (қуаттылығы 450 мың тн.).

Зауыт Ақсу ауданымен қатар, көршілес Алакөл, Сарқан аудандарының шаруашылықтарынан қант қызылшасын қабылдайды.

Биыл бұл аудандар қант қызылшасын 5,7 мың гектарға екті (Ақсу - 2 200 га, Алакөл - 680 га, Сарқан - 2 830 га).

Оның ішінде Ақсу ауданының үлесі 2,2 мың гектар, бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,8 есеге артық.

Қазіргі уақытта Ақсу қант зауытына 210 000 тона қызылша кірді. Зауыт штаттық кесте бойынша күндізгі және түнгі кезек бойынша жұмыс жасап жатыр. Күніне 170-тен астам жүк көлігі кіріп, тәтті түбірлерді өткізуде. Яғни, 4000 тонна тәтті түбір қабылдануда. Қазіргі уақытта 1 қарашаға дейін Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарының қант қызылшасын қабылдауда.

Шаруалардың еңбегін еш кетірмей өңдеп алу үшін Көксу қант зауыты 10 күнге мәжбүрлі түрде қабылдауды тоқтатты. Осы кезде Көксу ауданына жиналатын тәтті түбірлер де біздің ауданға ағылды. Тәтті түбірлер тиелген жүк көліктерінің кезегі Таусамалы ауылына дейін жетті. Биылғы жылға тәтті түбірді қабылдау Кеңес үкіметінен бері алғашқы рет осындай кезектер болуда. Яғни, биыл қабылданған тәтті түбірдің көлемі жетерлік. Оған ауа - райы да жақсы мүмкіндік көрсетті. Өр шаруа гектарына 400 - 450, алды 500 центнерден өнім жинауда.

Ауылшаруашылығы басқармасы басшысының сөзіне сүйенсек, жергілікті билік те, кәсіпорын басшылары да шаруалардың өнімі далада қалмайды деп уәде беруде.

Айта кетейік, облыс бойынша шаруаларға мемлекеттік субсидия беру мақсатында 13 млрд. теңге бөлінді. Қазіргі уақытта 69 өтінім түсіп, оның 36-сы қарастырылды. 1 млрд. теңгеден астам қаражат диқандардың есеп - шоттарына аударылыпты.

Қабылдау науқаны желтоқсан айына дейін жүргізіледі.

Ербол ӘБДІКӘРІМҰЛЫ.

Жанданди Зауыт тағы

Жанданди, гүрілдеді Зауыт тағы,
Жетісу аймағының, алыптары!
Қызылша кезегінің, қиыры жоқ,
Тәулікпен кезекте тұр, көлікте әні!

Советтер одағында, болған жарқын,
Отыз жыл, болмаған ед бұндай қарқын!
Түтіні тікке шығып, гүрілдеуде,
Жұмыспен қарық қылып, елін, халқын!

Шығысы Үшаралдан, басталатын,
Көліктер легі тоқтамасын!
Үшарал, Қабанбайдан, Сарқан жақтан,
Шаруалар қызылша салды, ақтаған соң!

Жамбылдан Мерке жақтан шеру тартқан,
Көліктер келіп жатыр қызылша артқан!
Ерінбей еңбек етсең, еңбегіңді,
Еселеп қайтаратын, жерім дархан!

Ақсудағы, құрылыстың қариясы,
Үш жылдан соң, алпысқа келер жасы!
Алпысыншы жылдардың ортасында,
Қазылып құйылыпты іретасы!

Жансүгір ауылының қантамыры,
Тәулігіне үш мың тонна, айналымы!
Еңбектеп жерді емген, ағайынның,
Жұмысы, маңдай тері, шамшырағы!

Басшылар біріккенде, халықпенен,
Осылай құйылады табыс деген!
Іргесінде Зауыттың тұрғаннан соң,
Бір өлең жаздым мен де шабытпенен!

Ақсудың қант зауыты болған мақтан,
Еңбекпен талай жанның, аты шыққан!
Советтер одағына мәшіхүр болған,
Ақсудың құмшекері, бізден шыққан!

Бауыржан БОЛАТХАНҰЛЫ.

Қыстың қамын - жаз ойла!



вагондар санының, қысқаруына екеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің, жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!
Алдағы 2024 - 2025 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты жылыту маусымына дайындық ша-

раларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы



ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕДЕГІ СПОРТ ОЙЫНДАРЫ

25 қазан - Республика күніне орай, Ақсу аудандық марафон жарысы өтті. Жарысқа қатысушылар Жансүгіров ауылының айналма жолынан ауылға кіре берістегі аркадан бастап, Ту алаңына дейін 2 шақырымға жуық жерді жүгіріп өтті. Жарысқа 14 жасқа дейінгі мектеп оқушыларынан бастап, 60 жастан асқан ардагерлерге дейін жалпы саны 100 адамға жуық ауыл тұрғындары қатынасты.

Жеңіске жеткен спортшылар жас ерекшеліктеріне байланысты "Ту алаңының" алдында "Мақтау қағаздарымен", медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Келесі күні ұлттық мерекеге байланысты және жерлесіміз



марқұм Мейірбайқызы Гүлдананың өмірден өткеніне 10 жыл толуына орай «Нұрлы ғұмыр» атты дзюдодан Ақсу ауданының ашық біріншілігі өтті.

Шараның ашылу салтанатында аудан әкімі Берік Тынышбаев, марқұм анамыздың жолдасы Отарбай Есжанов сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Жеңіске жеткен спортшылар "Мақтау қағаздарымен", медальдармен марапатталды. Мұның алдында жерлесіміз генерал Асқар Шуашевтың ұйымдастыруымен жасөспірімдер арасында волейболдан Ақсу ауданының "Құрметті азаматы", Ұлы Отан



соғысы және еңбек ардагері, Ел ағасы. Ұзақ жылдар ұстаздық қызмет атқарған ұстазы – Бейсебек Қорғанбаевты еске алуға арналған турнир өткен болатын.

Оқу - ағарту саласында еңбек еткен жылдары шығармашылық пен ізденімпаздық бағытта еңбек етіп, жас ұрпақтың бойына тәрбиелілік пен білімділік, кәсіби біліктілік негіздерін қалыптастырған ұстаз туралы естеліктер айтылып, А.Шуашев әр командаға бір - бір доп сыйлады.

24 қазан күні аталмыш ұлттық мереке қарсаңында Ақсу аудандық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті



кәсіподағының жүлдесі үшін кәсіподақ ұйымының және аудандық бұқаралық спорттық іс - шараларды ұйымдастыру бөлімінің ұйымдастыруымен мұғалімдер арасында аудандық «Спартакиада - 2024» жарысы өтті. Жарыс барысында волейбол, үстел тенісі, тоғызқұмалақ, ұлдар мен қыздар арасында жеңіл атлетикадан (100 метрге жүгіру) жарысты.

Жеңіске жеткен спортшылар мақтау қағаздармен, медальдармен марапатталды.

Асхат САУҒАНБАЕВ,
аудандық бұқаралық спорттық іс - шараларды ұйымдастыру бөлімінің директоры.

МЕМЛЕКЕТТІК ТУ КӨТЕРУ РӘСІМІ ӨТТІ

25 қазан - Республика күніне орай, аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлының қатысуымен аудан орталығындағы Ту алаңында Гимніміз шырқалып, Мемлекеттік туды көтеру рәсімі өтті. Аудан басшысы салтанатты жиында тұрғындарды мерекемен құттықтап, елдіктің нышаны болған егемендіктің қадір - қасиетіне тоқталды. Аудан әнерпаздары патриоттық әндер айтып, мерекелік марафон қорытындыланды.

Жетісу облысында 7500—ге жуық адам газға қосылуға мүмкіндік алды

Жетісу облысында тағы 7500 мыңға жуық адам газға қосылуға мүмкіндік алды. Республика күні қарсаңында Көксу, Ескелді, Қаратал аудандарының 6 ауылдық елді - мекеніне газ жеткізілді, —деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі. Атап айтқанда, Көксу ауданының Жетіжал, Жеңіс (Мәулімбаев), Еңбекшіқазақ ауылдары, Ескелді ауданының Ешкіөлмес, Жетісу ауылдары, Қаратал ауданының Көкпекті ауылы көгілдір отынға қосылды. Соның нәтижесінде Көксу ауданында 13 ауыл, Ескелді ауданында 12 ауыл, Қаратал ауданында 11 ауылға газ жеткізілді. Аталған аудандар келесі жылдың соңына дейін толық газдандырылады.

- Талдықорғаннан Көкпекті ауылына көшіп келгенімізге 4 жыл болды. Қыс бойы ағашты айтпағанда, 4 тоннадай көмір жағып шығатынбыз. Күйеуім жұмыс барысымен іссапарға жиі кетеді. Үйде кішкентай баламен көмір кіргізу, от жағу, күл шығару оңай емес. Оған қоса көмір жаққаннан үйдің ішін тез ыс алып қалатын. Енді газ келіп қуанып жатырмыз. Газдың арқасында жылу да, тазалық та бірге келді, —дейді Қаратал ауданы, Көкпекті ауылының тұрғыны Дания Төлеуберенова.

Ескелді ауданының тұрғындары да қуаныштарын жасырмады. Мұнда бір күнде екі ауылға газ қосылды.

- Баяғыда бітелі шаммен отырған кезді де көрдік. Кейін ауылға электр жарығы, ауыз су жеткізілді, жол салынды. Енді міне газ келгеніне куә болып отырмыз. Әрине, бұл ауылдастарымыз үшін қос қуаныш болып отыр. Жерлестерімді ұлық мерекемен құттықтаймын, осындай жақсы жаңалықтар молая берсін, —деді Жетісу ауылының қарт тұрғыны Күлсара Сейілбекова. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметінше, ауылдарға газ кіргізу кезінде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында әлеуметтік әлжуаз топтар санатындағы бірнеше отбасы демеушілер есебінен газға тегін қосылды. Жалпы биылғы жылдың соңында облыс тұрғындарының 56,5% газдандырылады деп жоспарланып отыр.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

● "ТАЗА ҚАЗАҚСТАН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА

Сенбіліктен қалмайық жерлестер!



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы қарқынды жүріп жатыр. Акция барысында тұрғындар өзінің ауласын, көшесін тазалап, тазалыққа өздерінің үлесін қосуда.

Ауданымыз бойынша күзгі санитарлық тазалық айлығы да басталды. Акция аясында аудан бойынша жиналған



қоқыстар сыртқа шығарылып, жалпы аудандық сенбілік ұйымдастырылып, тазалық жұмыстарына осы аумақтың тұрғындары, мекеме - ұйым қызметкерлері басшыларымен, белсенді жастар қатысып, қураған шөптер мен ағаштар тазаланып, жаңадан ағаш егетін орындар дайындалды.

Барша аудан тұрғындарын акцияны қолдауға шақырамын!
Ербол СЫМХАНОВ.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқарудың дамуы мен қалыптасуына қосқан елеулі үлесі үшін, «Қазақстан мәслихаттарына - 20 жыл!» мерекелік медалі, 2016 жыл, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне - 25 жыл!» мерекелік медалімен, 2018 жыл, Мемлекеттік және қоғамдық қызметте сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін, Қазақстан Республикасының Президенті Елбасының Жарлығымен «Қазақстан Республикасының «Құрмет Грамотасымен», 2019 жыл, Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқарудың дамуы мен қалыптасуына қосқан елеулі үлесі үшін «Қазақстан мәслихаттарына - 25 жыл!» мерекелік медалімен, 2019 жыл, Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін, төсбелгісімен», 2019 жыл, «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесі Бюросының Қаулысы бойынша «Белсенді қызметі үшін, төсбелгісімен», 2021 жыл, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Тәуелсіздігіне



Білікті басшы, ең үздік маман иесі



«30 жыл!» мерекелік медалдарымен марапатталған. Ағамыздың жалпы жұмыс өтілі 43 жыл, саладағы жұмыс өтілі 30 жылдан астам уақыт екен.

Шәкірттердің білім бөйгесін үздіктер қатарынан көрінуі де заңдылық. Себебі, басшысы Нүсіпов Дәуболат Бейсембайұлы да білім саласының дамуына қосқан үлесі мен нәтижелі жұмысы үшін марапатталған.

«Мұғалім – ең қастерлі мамандықтың бірі. Сіз Ахмет Байтұрсынұов, Ыбырай Алтынсарин сынды ұлтына адал қызмет еткен көрнекті ағартушылардың ізін де, ісін де жалғастырып келесіз. Мемлекет басшысының өзі білім саласына, ұстаздарға көп көңіл бөліп отыр. Соның нәтижесінде «Педагог мәртбесі туралы» Заң қабылданды. Мұғалім мәртебесін көтерудің алғы шарты – мұғалімдердің айлық жалақысын көтеруді көздеді. Сонымен бірге ұстаздарды өзінің қызметтік міндетіне жатпайтын функциялардан босатуға мүмкіндік берді. Мұғалімдерге одан да басқа қолайлы жағдайлар жасала бастады. Алайда, білім сапасына қатаң талап қойылды.

Нүсіпов Дәуболат Бейсембайұлы – үнемі ізденіс үстінде жүретін жаңашыл басшы және жиған білімі, тәжірибесімен шәкіртті ғана емес, өзін де үнемі жетілдіріп отыратын нағыз ұстазға тән бекзат болмыстың иесі.

Кәсіптік білім беруде педагогикалық тәжірибесі мол, кәсіби біліктілігі мен шындалған тәжірибесін, күш – жігерін сала отырып жас маман, жұмысшы кадрлар даярлауға колледж басшысы ретінде Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне сапа менеджменті жүйесін, жаңа заман талабына қажетті инновациялық технологияларды енгізуге және цифрландыру бүгінгі білім берудің жаңа негізгі бағыттары бағындыру жолында өз үлесін қосып, 30 жылдан астам уақыт ішінде абыроймен еңбегін сіңіріп келеді. Колледжде білім беру, оқу процессінің барлық бағыттары бойынша жұмыс нәтижесінің көрсеткіштері жыл сайын жоғары сапалы деңгейде жүргізілуде.

Дәуболат Бейсембайұлының жетекшілігімен бұдан бұрындары қызмет еткен «Текелі кәсіптік колледжі» МКҚК колледж ұжымы мен білім алушылары кәсіби шеберлік байқаулары бойынша облыстық,

республикалық және халықаралық жарыстар мен чемпионаттарда жүлделі орындарды иеленді. 2015 - 2024 жылдары колледж студенттері «WorldSkills» ұлттық чемпионаттарында алтын медаль мен «Үздік маман» медалдары, медальондары мен бағалы сыйлықтарды бірнеше дүркір жеңіп алды.

Міне, осындай байқаулар білім сапасын жақсартудың бір тетігі. Жылдан - жылға осындай байқаулардың маңызы артып, қатысушылардың да қатары көбейіп отыр. Қай салада да бәсеке болуы керек. Сонда ғана даму болады, алға ілгерілеу болады. Ендеше, болашақта Ақсу агротехникалық колледжі де биік белестерді бағындырады деген сенімдеміз.

Дәуболат Бейсембайұлы облыстың әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық - саяси және мәдени шараларына белсенді араласып, 2007-2022 жылдары Текелі қаласының IV-V-VI шақырылымдарының қалалық мәслихатының депутаты, депутаттық фракциясының жетекшісі болды, қарапайым халықтың, қала тұрғындарының сеніміне ие болды, адами тұрғыда үлкен жауапкершілікпен қоғамдық жұмысқа да тиянақты белсенді араласып халық пен билік арасында жақсы қарым-қатынас орнатып, берекелі іс атқарды.

Текелі қаласы мен облыстағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқарудың дамуымен қалыптасуына елеулі үлесін қосты.

Текелі қаласы бойынша Қоғамдық кеңестің мүшесі.

Жетісу облысы бойынша Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының директорлар кеңесінің мүшесі.

«Аманат» партиясы қалалық филиалы Саяси кеңесінің Бюро мүшесі

Дәуболат Бейсембайұлы «Барыс» бастауыш партия ұйымының төрағасы бола отырып, білім алушы жастарды рухани - адамгершілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеуге, студенттер арасында белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыруға үлкен көмек көрсетіп, Ұлтымыздың салт - дәстүрі мен ұлттық, адами құндылықтарға негізделген тәрбиеге аса зор мән бөріп келеді. Осы бағытта Техникалық және кәсіптік білім беру

саласында жас жұмысшы кадрларға білім беру, даярлау жолында өз ұстанымын, кәсіби біліктілігін, жылдар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибесін жеткізе біліп, қазіргі уақытта туған жері Жетісу облысы, Ақсу ауданы «Ақсу агротехникалық колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына ротация тәртібімен ауысып, кәсіптік білім беру саласында басшылық қызметін жалғастыруда.

Атап айтқанда, Дәуболат Бейсембайұлының Министрліктен алған марапаттарына тоқталайын. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі, Республикасының білім жүйесіндегі шығармашылық еңбегі және жеткілікті ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі табыстары үшін «Құрмет Грамотасы» (Министрдің орынбасары К.Шәмшидинов), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Алғыс хаты» (Вице-министр К.Шәмшидинов), Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытуға қосқан зор үлесі үшін «Алғыс хаты» (Министр Қ.Көшербаев), 2010 жыл, «Nur Otan» партиясы Жемқорлықпен күрес жөніндегі республикалық қоғамдық кеңес «Алғыс хат» 2011 жыл, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Алғыс хаты», 2011 жыл, «Nur Otan» партиясы Алматы облыстық филиалының Саяси кеңесі «Құрмет Грамотасы», 2014 жыл, Қазақстан Республикасы мәслихаттарының 20 жылдығына мерекелік медаль және «Құрмет Грамотасы», 2016 жыл, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне - 25 жыл!» мерекелік медалі, 2016 жыл, «Техникалық және кәсіптік білімді дамыту және біліктілікті берудің республикалық ғылыми – әдістемелік орталығы» Акционерлік қоғамы «Алғыс хат», 2016 жыл, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі Илияс Жансүгіров атындағы Мемлекеттік университеті «Алғыс хаты», 2016 жыл, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне - 25 жыл!» мерекелік медалі, 2017 жыл, «Nur Otan» партиясы Алматы облыстық филиалы «Құрмет Грамотасы», 2017 жыл, Алматы облысы, Текелі қаласының әкімдігі Текелі қаласының 65 жылдығына «Грамота», 2018 жыл, Қазақстан Республикасы Президенті Елбасының Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Құрмет Грамотасы», 2018 жыл, Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы «Құрмет Грамотасы», 2018 жыл, Текелі қаласы №1 Орта мектебінің Қамқоршылық кеңесі «Алғыс хат», 2018 жыл, Текелі қаласының әкімі «Алғыс хат», 2019 жыл, Алматы облысы әкімі, Облыстың әлеуметтік - экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне, «Құрмет Грамотасы», 2019 жыл, Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқарудың дамуы мен қалыптасуына қосқан елеулі үлесі үшін «Қазақстан мәслихаттарына - 25 жыл!» мерекелік медалі, 2019 жыл, «Nur Otan» партиясы Орталық аппараты Саяси кеңесі Бюросының Қаулысы бойынша «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісі, 2019 жыл, Қазақстан Республикасының білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы «Төсбелгісі», 2019 жыл, Жастарды, өскелең ұрпақты отансүйгіштік пен патриоттыққа білім мен тәрбие беруде қосқан үлесі үшін «Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шығарылғанына - 30 жыл!» толғанына орай мерекелік төсбелгісі мен «Өлгендерге естелік, тірілерге Даңқ» естелік медалы, 2019 жыл, Алматы қаласы «Білім әлемі» республикалық ғылыми - әдістемелік педагогикалық мерзімді баспа сөз басылымы, «Алғыс хат» және «Грамота», 2019 жыл, Алматы қаласы «Білім әлемі» республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық мерзімді баспасөз басылымы, «Диплом», 2019 жыл, «Nur Otan» партиясы Алматы облыстық филиалы «Алғыс хат», 2019 жыл, Текелі қаласы әкімі «Құрмет Грамотасы» 2020 жыл, «Nur Otan» партиясы Алматы облыстық филиалы «Алғыс хат», Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Тәуелсіздігіне - 30 жыл!» мерекелік медалі, 2021 ж., 2022 жыл, «АМАНАТ» партиясының Атқарушы хатшысы, «Алғыс хат», 2022 жыл, Халықтық коалиция, Республикалық қоғамдық штаб жетекшісі «Алғыс хат», 2023 жыл, Жетісу облысы, Текелі қаласы МОО «Молодежь города Текели», «Алғыс хат», 2023 жыл, Жетісу облысының «Атамекен» Кәсіпкерлер палатасы, «Алғыс хаттарымен» марапатталса, 2024 жыл, «Кәсіподақ ардагері» төсбелгісі және ағымдағы жылы 25 қазан – Республика күніне орай Жетісу облысы әкімінің «Құрмет Грамотасымен» марапатталды. Қандай басшы екенін алған марапаттары мен жасаған жұмысынан көруге болады. Нағыз еңбек адамы, жастарға үлгі боларлық, ең үздік маман иесі – Дәуболат ағамыз заман талабына сай, қоғамға лайықты білімді де, білікті басшы екеніне сеніміміз мол.



Бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев білім саласына айырықша назар аударып, мұғалімдердің жағдайына жіті мән беріп отыр. Қабылданған жаңа заңның аясында педагогтардың мәртебесін көтеруде көптеген жұмыстар атқарылып келеді. Оның мақсаты – мұғалімдердің жағдайын жасау арқылы жаңашыл, ізденімпаз мұғалімдердің қатарын көбейту, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие бере отырып, оларды жаңа методикалар арқылы әлемдік стандарттарға сәйкес оқытуға мүмкіндік туғызу.

Ауданымыздағы Ақсу агротехникалық колледжі дарынды балаларды, білікті шәкірттерді тәрбиелеуде облысымызда алдыңғы қатарлы білім ордаларының қатарында. Осы орайда, білікті басшы, ең үздік маман иесі **Нүсіпов Дәуболат Бейсембайұлы** ерекше атап өтуге болады.

Дәуболат Бейсембайұлы 1964 жылы 8 ақпанда Талдықорған облысы, Ақсу ауданы, Ойтоған ауылында дүниеге келді. Жоғары білімді Дәуболат ағамыз Өскемен педагогикалық институтының жалпы техникалық пәндер және еңбек мамандығын ойдағыдай бітірген.

1990 жылдан бастап өндірістік оқу шебері, арнайы пән оқытушысы, 1993 жылдан директордың өндірістік оқу - ісі жөніндегі орынбасары. 2016 жылдан бері «Текелі кәсіптік колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның басшысы болып қызметтер атқарып келді. Текелі кәсіптік колледжінің басшысы болды, жоғары-санатты педагог. 2007 - 2022 жылдар аралығында Текелі қаласы, қалалық мәслихатының IV-V-VI шақырылымдарының депутаты, Текелі қаласы бойынша Қоғамдық кеңестің мүшесі, Жетісу облысы бойынша Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының директорлар кеңесінің мүшесі, «Аманат» партиясы қалалық филиалы Саяси кеңесінің Бюро мүшесі.

Дәуболат Бейсембайұлы Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен 2014 жыл, Қазақстан

Мәңгі тартыс өмір атты көкпарда жақсы адамдар өз елінің бағына тұады. Оралбек Нұрсейітұлы Жақиянов - шұғыласы жарқыраған жайсаң жан. Ел үшін ерекше адамдығымен ыстық, қымбат. Қазақшыл басты қасиеті - адамсүйгіш әділеттігі. Биік адамгершілігімен адамды зерге бойлап, талап қоя білгені жетелі. Өзгелерден ерекшелегі - ғажайып даналығы. Көппен жаны бір. Есім-союы өзін құрметтейтін мемлекеттік қайраткерлердің, зиялы қауым өкілдерін үлгі тұтатын жастардың жадында мәңгі жатталған. Барлық буынның ғұмырындағы темірқазығы. Дүниетанымы көпшілікке танылған ұстал. Терен сыры сан жылдарда сарқылмаған. Жері жоқ олқы тускен. Өзін ұстауы да қазақ руханиятына сай. Сырбаз, көркем мінез, ізгі ниет адамшылығы - бақытты ғұмырдың кепілі. Ел болмақтың алды парасатты ер болудан басталады. Бірлігі берік қуатты ел болу да осындай кісілік қасиеттерден туындамақ.

ҒИБРАТ ҒҰМЫР



ОРАЛБЕК НҰРСЕЙІТҰЛЫ ЖАҚИЯНОВ

бүлініп, мал-мүлікті алған «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген 1928 жылғы конпескені, ретсіз атқа мінер салық салу науқанын, құралсыз құрғақ айла колхоздастыру мен жаппай елді күңіретіп, азаматтарын ұстап қуғындау, халықты тоздырған 1931 - 1932 жылдардағы ашаршылық, қазақты мысық тышқан ұстағандай қылған 1937 - 1938 жылдардағы қуғын - сүргін, «жас жігіттер жаппай солдат болады» деген 1941 - 1945 жылғы Ұлы Отан соғысының зардабын көзімен көреді. Азала азап, күйзеу, жүдеуді басынан өткізеді. «Көппен бірге көрген көш» дегендей, қиындықты мойымай көтереді.

Мыңтеңге ана - ақылды, салиқалы, сабырлы жан. Артық сөзі жоқ. Татымды әңгіме айтып, жұмыс жасағанында сызылтып, баяу ыңылдап ән салады. Оралбегін көзінің қарашығындай сақтап, бесік жырын айтып, қолынан келгенінше барымен мөлелеп өсіреді. Шектен шығып ашуланбайды. Барды жоқ демейді. Ақыл айтудан шаршаймайтын. Мыңтеңге ана:

- Барлығы болмаса да, керегі есінде қалады. Ақыл күнде керек. Айта берейін, балам! Тоқтатпа! - дейді екен. Ақыл айтуының астарын солай жеткізе. Кішкентай Оралбегіне Мыңтеңге ананың:

- Ел ісіне араласар ер бол! Халықтың ең сүйікті ұлы бол! Түсі ізгінің - ісі ізгі! Дүние деген қақтығыс, етек-жеңіді қатты қың! Харамға көз салма! Өзіңе қажет емес нәрсеге көңіл аударма! Аңанды сыйла жұмақты табасың! - дей көкейіне қондырған мысал - тағылымдары жетерлік. Оралбек Жақияновтың:

- Ең алғашқы ұлық мұғалімим анам! - дейтіні содан.

Анасы үй шаруасы ішіп-жемнің, киеркімнің, ұлының оқу құралдарының барлығын түгендеп қоятын. Құрбылары, көрші - қолаң, ағайын - туыс аман болғанын тілейтін. Үйге қонақ келсе, «сыйластық мән» дей, жүзі жадырап сала беретін. Таң атқанына қуанатын. Оны бақыт санайтын.

Балалықтың қызығы шексіз. Оралбектің әпкесі - Күлшекен. Оралбек әпкесін «көке» дейтін. Оралбектің есінен кетпейтіні Күлшекен көкесі соғыстан кейінгі ауыртпалық жылдарында дүкенде істегенінде «қарның тоқ жүрсін» дей, қалтасын қара наңға толтырып беретін. Оралбек қара нанды өзі жалғыз жемей, құрдастарымен бөлісетін. Оралбек есі кіргелі анасы Мыңтеңгеге қолқабыс жасап жетіледі. Үй шаруасын айтқызыбай тыңғылықты істейді. Жаздағы мазасыз жұмысы алыстағы су сораптан су тасымалдау. Қыста қарды күрей шығару. Ескі теміржол шпалдарын жинап әкеп, бөлшектей кесе отын қып жару. Қойы бардың тоны бар, он қой - ешкі, сауса сүті дәмді сиыр ұстайтын. Оған қарайды. Күнделікті мектептегі белсенді оқуы мен үй тіршілігіндегі тырбыңмен уақыты өтіп, ештеңеден мұқтаждық көрмей есейеді.

Қазақи мінез, ұстам - сабырлығымен өзін кеуде керек көрсетуге құмартайтын. Мыңтеңге анасы ұлының тападай қылып

атқарған шаруасын көргенінде, жүзі алаулап, қызыл шырайлана:

- Айналайын, қолқабысым, жұмыскерім менің. Әке, ағасын жоқтатпаған, - деген жылы сөзі мен маңдайынан иіскені, Оралбектің жанын байытатын.

Мыңтеңге анасы да тынығу дегенді білмейтін. Бармағынан бал тамған өнерлі, қолы ешқашан тыным тапқан емес. Ине, жіппен іс ішіп - тігіп, құс жүнінен сыртын кестелеп жастық, қой жүнінен көрпені қаба тігіп, жүнді ұршықпен иіре жіп жасап, бізбен тоқыма тоқуы күнделікті әдетке айналған. Қазанға жазда қойдың жүндерін сорттай жуып, нілмен керек түске бояп, абысындарымен жабыла киіз, текемет, сырмақ оюлап бастырып, ағаш жөрмек кере алуан көлемде алаша тоқитын. Жарқыратып үйдің ішін таза ұстауы қағидаға айналған. Бәр мүлкі, ыдыс - аяғы ұқыпты, өз орнында тұратын. Ретсіз шашылған дүниесі болмайтын.

Оралбек Жақиянов Түркісіб теміржолының №42 разьезіндегі (Құмтөбе) теміржол шебері, мемлекеттік марапат иегері «Ленин», «Еңбек қызыл ту», «Қызыл жұлдыз», «Құрмет» орденді Әліғұман Исабаевты өзіне үлгі тұтады. Қара нанды бөлісе жеген, қатар ескен замандастары Берікбай Жұмабеков, Жолдыбай Бекежанов, Батырбек Тұрлыбеков сынды құрдастарымен Әліғұман Исабаев жұмыс істейтін ПЧ-ға жиі бара еңбектегі табыстарымен танысып, істеген жұмысына қызығады.

Құмтөбеде Әліғұманның зайыбы Орынбасар (Тәткен) мен Мыңтеңге «абысын тату болса - ас көп», - дегендей абысын-ажын бола, аралас-құралас өмір кешеді. Бір - біріне көмектесе Орынбасардың балалары Төлеген, Рахилия, Айтбала, Айсипа, Сарқытбекпен Күлшекен мен Оралбек бір отбасының балаларындай жетіледі. Әліғұман Исабаевтың ұлы Төлегенді Оралбек Нұрсейітұлы туған ағасындай әлі күнге араласады.

Төлеген Исабаев - құрметті теміржолшы, КТУ директоры, депо бастығы, ШҚО теміржол бас ревизоры қызметтерін жасаған абзал азамат. Зайыбы - Тұрар бухгалтер қызметкері. Төлеген мен Тұрардың Бақыт, Эльмира деген ұрпақтары өскен.

Нұрсейіттің қарындасы Марияның Мыңтеңге жеңгейіне жасаған жақсылығында шек жоқ. Ғұмыр бойы жеңгесін жаңа түскен келіндей сый-құрмет жасай үлгілетеді. Елуінші жылдары Күлшекен көкесі мен Біләл жездесі Мыңтеңге ана мен Оралбекке Құмтөбеден қатырып екі бөлмелі, кішкене терезелері бар, қамыс қарқастан, іші, сырты, төбесі батпақпен сыланып ақталған, еңселі тоқал үй салып береді. Сол үйден Оралбек Жақиянов түлеп шығады.

Машинист КСРО жоғарғы кеңесінің депутаты Мұхтар Қаптағаев пен оның көмекшісі Мәжит Мұқашевті мақтан тұта, олардың жүргізетін паровозын дауысынан жазбай, қарақты көзбен Оралбек Нұрсейітұлы алыстан танытын.

Мұхтар Қаптағаевтың:

- Егер адам баласы өз мамандығын дұрыс таңдап, шын көңілмен сүйсе, онда адамды бақыт өзі табады, - деген сөзін Оралбек Нұрсейітұлы Жақиянов жадына ұмытпай, сақтап алады. Еңбегін Отан мәртебелі бағалаған, 76 жасында өмірден өткен Мұхтар Қаптағаев туралы «Транспорт» баспасынан шыққан «Мұхтар Қаптағаев» атты деректі хикаят, бүкіл кеңес одағына тарайтын «Гудок» газетіне басылған «На быстрине» деген мақала, ақын Ғафу Қайырбековтың «Мұхтар Қаптағаев» поэмасы, ақын Сапарғали Жұмахановтың «Мұхтар» атаулы өлені жарық көрген.

Мыңтеңге анасының - Орал, құрдастарының - Оралбай, Орал дегені, соғыстан кейінгі жастығы, семке, сия-сауыт ұстап мектеп табалдырығын аттағаны, сабақ айтқаны, төсіне Ленин бейнесі бар «октябрь» төс белгісін таққаны, қызыл галстук мойынында желбірей пионер, одан комсомол болғаны Оралбектің көкейінде ерекше әсермен өшпестей сақталып қалады.

Оралбек қазақ батырлары ерлігін, жырын бала жастан білмекке ұмсынып қызығады. Мұғалімдерінің:

- Кітап алтын сандық, іші толған қазына, құт, оқы, оқы, ойыңа тұт, - дегенімен кітап оқуға құмарлығы артады.

«Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қобланды» эпос - жырларын сүйсіне, бас алмастан қайталап оқып, көптеген жерлерін жаттап алады. Көршілері Нұрахмет Бекежанов, Алтыбай Рақымов, Жұмахан Айтбаев бас қосқанында, оларға «Тоғыз батырдың» жинағын қанықты оқып беретінді. «Әдебиет пен искусство» журналынан Қасым Аманжолов пен Сырбай Мәуленовтың соғыс туралы өлеңдерін оқитын. Ел кезде тапшы, әпкесі дүкеннен сатып әперген, үйінде саны 23 әдеби кітаптары болады. Оқымаған басқа кітаптарға құрбы-құрдастарымен айыр-бастап оқып, рухани қабылетін кеңейтеді. Оралбек Жақиянов:

- Адамның іші рухани дене. Ол көрінбейді. Өмірің рухани денеге байланаысты. Ол жақсы дамыса, қуат береді. Нашар болса, онда сор, - деп бала жастан пайымдайды.

Сыныптасы Бекежанов Жолдыбай екеуі жұбын жазбайды. Екеуі балалық қызығына тоймай, бұғынбақ, асық, лянгі, сырғанақ тебу, өзеннен балық аулап, әуелден бірге күндерді өткізеді.

Сол кезде Матайда мәдениет үйі болғанды. Гастрольдік сапарлармен Москва, Ленинград, Новосибирск, Алматыдан келген даңқты өнер ұжымдарының қойылымы мен атақты әртістердің концерттерін барып көре, Оралбек Жақиянов өз мәдениет тағылымын жастайынан өркендетеді.

Бала кезінен қазақ фольклоры мен әдебиеті, тағылым - тәлімді мәдениет үлгілерімен сусындап, теміржолшылардың еңбегін көзімен көре ескен Оралбек Нұрсейітұлы Жақияновты «теміржолшы, машинист болсам» деген арман билейді.

Туған жер - алтын бесік. Ақсу - атаулы аудан. Бәрібаев ауданының №1, 2 ауыл кеңестерінен, Бүйен - Ақсу ауданының №7, 15, 16 ауыл кеңестерінен, Сарқан ауданы Абақум, Арасан, Саратов ауыл кеңестерінен Қазақ Орталық атқару комитеті президиумы 3 қараша 1930 жылы қаулысымен (Бүкілодақтық Орталық атқару комитеті 30 қараша 1930 жылы бекіткен) Ақсу ауданы құрылады.

Орталығы - Ақсу селосы. Ақсу жері мен елі - тарих сынына, тағдырдың талай тезіне төзген. Еңсесін, рухын құлатпаған. Ақсу тарихы - терең, тұңғыш қазына. Ағынды Ақсу өлкесінен қалың малға қыз алмай, сүйегін Серікбайқызы ақын Қымбатқа қосылған күйші, ақын Арсалан Толыбайұлы, Байқошқарұлы Түбекті айтысып жеңген «тасқын» ақын Толғанбай Мырзағұлұлы, Ілияс Жансүгіров «ескерткіш қояр ем» деген, жеті үйлі Қаракерей - Жаңбыршыны Бексұлтан төре бодандығынан құтқарған ақын Тайкөт Ағанасұлы, кедейліктен жайы болмаған, жүйрік ақын Ахмет Азнақұлұлы, «соқыр» ақын атанған Бекетбай Шөмшетайұлы, ақын Сара, Әсем, Сарықыз, Кенбала ақындар, қобызшылар Байсақ, Молькбай, Алдай, Барғана, халық ақыны Терібаев Қуат, мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын, Ақсу колхоз театрын алғаш қалаған Жардамбек Тостағанбетов, мемлекет қайраткерлері Біләл Сүлейұлы, Бейсенбай Смайылов (Кедесов), Ілияс Жансүгіров, Шамай Шынасылов, Барлыбек, Тұрлыбек Сыртанов, қазақ мектептеріне еңбегі сіңген мұғалім Мәкей Еркінбеков, академик Жүрімбаев Сыдықов сынды арыстар шыққан.

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.

(Жалғасы бар).

Атаның белінен, ананың рақымынан отбасындағы кенже ұл Оралбек Нұрсейітұлы Жақиянов - 6 наурыз 1943 жылы Матай станциясы, Ақсу ауданында өмірге келген. Нысанбай жырау «Найман болсаң - Матай бол!» деген Матай - Төлегетайұлы Қытайдың үшінші ұлы. Матайдың азанмен қойылған есімі - Сарыкерей. Іс әрекеті аю баласына ұқсағандықтан «Матай» аталған. Матайдың ұрпағы XIV ғасырдан бастап дүйім ел болып өскен. Төлек атасына Матай:

Ақ киіп, ақ ту алып, тұлпар міндім, Қалдырмай қалың көшті бастап жүрдім. Ата осылай менің көрген түсім, Қалың алқап өзенге ел қондырдым. Төбеде төрелермен кеңес құрып, Саңлағына сәйгүлік салдым құрық. Төрт мырзаны қасыма ертіп алып, Асқар шыңға ұрандап кеттім шығып, - деген көрген түсін айтқанында, Төлек ата: Жақсы екен, балам сенің көрген түсің, Аяны айқын екен әр бір ісің. Түсіңде тұлпар міне ту ұстасаң, Бақ қонар батыр болып тасып күшің. Алқабына өзеннің ел қондырсаң, Құт мекен қоныс тауып, ел боласың. Төбеде төрелермен кеңес құрсаң, Төртеуінен ырысты сен боласың! - деген түс жоруы анық келген.

Матай - ел атауы. Мұхамеджан Тынышбаев кемел іс жасап, Түркісіб теміржол торабының станциясын ел атауымен «Матай» атап қалдырған. Состав тартқан паровоз бес батпанды - Матай теміржол станциясы 1931 жылы орнаған. «Дүниеде өзіндей жер жоқ» дегендей, кеңес заманынан бұрын Матай - қасиетті Өсен-Көсем деген Оралбек Жақияновтың аталарының ежелгі ата жұрт, қыстау мекені болған.

Ақын Жардамбек Тостағанбетов «Шұрат» шығармасында:

Белгілі станция Матай дейтін, Баяғыдан бір рулы елдің аты. Туысы Матай елі - Кенже-Ноғас, Қоныстанған көне бай Көсем деген.

Екі адам, ағайынды Өсенменен, - дейді. Матай станциясы орналасқан жер мыңдаған ел суындаған суы бал, қызыл құмы сусылдаған, жоталы, қаһарлы өлке. Жері - құнар, асыл. Сексеуілі ну тоғайлы, шығыл, тобылғы, жиделері жарасқан, мыңаржын, изен, жусан, дүзген, құрақ шөбі шүйгін - сауырлы атрап. Арыған мал жылдам оңалып семіреді. Ауасы жазда ыстық, қыста ызғарлы суық. Жел соқса құм көшеді. Құмына орғыта ойнақ сап, қанша аунасаң да жұқпайды. Ырғалып аққан Ақсу өзеніне шомылып, ыстық құмға денеңді, қол - аяғыңды көметін болсаң, шипасы денсаулыққа ғажап пайдалы.

Ақсу өзені Алатаудың 4000 метр биіктігіндегі мұздақтардан бастау алып, Балқаш көліне барып құяды. Жүз отыз екі ұзын - қысқа саласы бар. Өзеннің ұзындығы 316 шақырым. Суы егінге және техникалық қажеттікке қолданылады. Ақын Жардамбек Тостағанбетов «Гүлденген Ақсу» туындысында:

Сұлулық сүтке ұқсас анық жеткен, Жерде жоқ, судың аты одан өткен. Ақшыл түсті өзгеше болғаннан соң, Жем берген, ақ төсінен анасындай, «Ақсу» деп атаған ғой, халқым сүйіп, - деп өлеңмен жеткізеді.

Матайда шұрат өлкенің табиғатына Оралбек Нұрсейітұлы «адамды бейімдейтін туған жер» дей төзімді болып өседі.

Өзге елді мекендерге қарағанда теміржол бойында орналасқандар өркениетке жақын келеді. Себебі, жаңалық атаулының дені теміржолда. Оларға шалғай елді мекенге жете қоймаған электр жарығы, радио жаңалықтары, газет - журналдар ертерек жетеді. Паровоз үні әлдімінен ұйықтап, сол дауыстан оянтатын балалар мектеп табалдырығынан бастап теміржолшы болуды армандайды. Балғын бала Оралбек те сондай арман, үміт жетегімен өседі.

Елі Қайнар, 1901 жылы туған Оралбек Нұрсейітұлының анасы Ерболсынқызы Мыңтеңге он сегіз құрсақ туған екен. Жастай он алтысы шетінеп, ғұмырлары болмапты. Тек Күлшекен мен Оралбегін аман сақтап қалады. Анасы Мыңтеңгенің басынан өткізген қиыншылықтары аласапыран қиямет. Ақ патша мен кеңес заманы, 1916 жылғы «июнь» жарлығымен қазақтан 19 - 43 жастағыларды еңбек әскеріне әкеткені, елдің:

Төлегетай баба, Найман шалмен, Жатыр ме екен рухы бірін көрмей? - дей зар илегені, Ілияс Жансүгіров: Қазақ мыңдап күніне өліп жатыр, Сағат сайын тұқымы кеміп жатыр. Өзі үйтіп баласын, сирағын жеп, Тірідей көр азабын көріп жатыр, - деп орнында аяқ серіппей, қырғын тапқан 1921 - ші жылғы аштықты, жарыла

БАЛА ЖӘНЕ ӨРТ

Өмірінде өртті бір рет көрген адам оның қандай апат екенін біледі. Өрт жолындағының бәрін жалмап, тіпті ең қымбатты – адам өмірін де аямайды.

Біздің күнделікті тіршілікте: «Сіріңкемен ойнама», «Отпен ойнау қауіпті», «Өрт – тілсіз жау» және т.б. ұрандарға құлағымыз үйреніп кеткен. Көп жағдайларда балаларды көз қызықтырар белгілері бар сіріңке, темекі қораптары қызықтыратыны естен шығып жатады.

Балаларда үлкендерге тән психологиялық қорғаныс реакциясы толық дамымаған. Көпшілігі өрт кезінде аман қалу үшін не істеу керектігін біле бермейді. Осы себептерден өрт кезінде көп жағдайларда төсек астына, шкаф ішіне, көрпе астына немесе бөлмедегі қуыстарға тығылып, өрттен қашады. Есік ашық болса да шығуға тырыспайды. Оларды қою түтін жайлаған бөлмелерден табу өрт сөндірушілерге қиындыққа соғып жатады.

Ауданымызда балаларға оттан абай болуды үйрету жұмыстары жүргізілуде. Мектептерде, бала бақшаларда өрт қауіпсіздігі шараларын оқыту жетілдендірілуде, бұқаралық ақпарат құралдары қамтылуда. Атап айтсақ, Ақсу ауданында балалармен өрт қауіпсіздігі бойынша сабақтар өткізіліп тұрады, балалардың отпен ойнауын және өрт кезінде балалардың қаза болуын болдырмау үшін.

Соған қарамастан, бұл алдағы балалардың кінәсінен болған өрт санын кеміту үшін атқарылатын жұмыстардың бір бөлігі. Өрбір ересек адам олар үшін жауапты екенін естен шығармауы ең маңызды мәселе. Естеріңізде болсын, балалардың отпен ойнауына қарсы күрес, өртке қарсы күрес қана емес, ол ең алдымен балаларымыздың бақытты да, шаттыққа толы өмірі үшін күрес.

Құрметті ата-аналар, есте сақтаңыздар! Баланың өмірі Сіздердің қолдарыңызда және ол бағаланбайды!

От жаққанда абай болыңыз!

Қыс мерзімі тек өртпен ғана емес, сондай-ақ, тұншықтырғыш газбен ұлану себептермен де қауіпті. Тұншықтырғыш газдың негізгі қоспасы көміртек тотығы болып табылады. Ол – тұссіз, иіссіз, дәмсіз газ. Таза күйінде өте әлсіз болмашы ғана иісі бар. Оны иіскеген кезде сезілмейді, сол себепті де адам тез уланып қалады.

Қайғылы оқиға мен өрттің басын бөлігі көбіне түтін шығатын мұржаны тазаламау мен пеш ақауын дер кезінде жөндеуден орын алады. Тұрғын үйде пеш және басқа да жылытқыш құралды пайдалану кезінде зардапқа әкелетіндей немқұрайлық танытудан асқан қауіп жоқ екенін де ұмытпаған жөн. Мұндай қайғылы оқиғаның алдын алу үшін қарапайым

өрт қауіпсіздігі ережесін ұдайы сақтап отырса болғаны. Мәселен, жанып тұрған пешті қараусыз қалдырмау керек. Оны кішкене балаға табыстауға болмайды. Мұржаны үнемі күйеден тазалап, жөндеуден өткізіп, пайда болған жарықты тез арада бітеп тастаңыз. Пештің жарылып кеткен тұстары дба қауіпті. Пеш алдындағы ағаш еденнің үстіне өлшемі 50x70 см.

Темірден жасалған қаңылтыр қақпаң дұрыс.

Құрметті жеке үй тұрғындары! Қатты отынмен жанатын пеш қондырғысын пайдаланған кезде немқұрайлық таныту қайғылы оқиғаға әкеп соқтыруы мүмкін. Сондықтан өз үйіңіздегі пешіңізге айрықша назар аударып, өзіңізді және жақындарыңызды қайғылы оқиғадан сақтаңыз.

Жылу беру маусымында сақ болыңыздар!

Ақсу ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері өрттердің алдын алу және өрттерде адамдардың өлімін болдырмау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіп жатыр. Осылайша, тұрғын үй секторында және халықтың жаппай жиналатын нысандарында, өрт қауіпсіздігі мақсатында, 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап Ақсу ауданының аумағында жылыту маусымында өртке қарсы қауіпсіздік шаралары бойынша тұрғын үй секторында аралау профилактикалық жұмыстары жүргізілуде.

Жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, тұрғын үй секторы өртке қауіпті болып қалады. Ақаулық – өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін бұзатын тұрғындардың өздері.

Өрт қауіпсіздігі ережелерінің негізгі бұзушылықтары тұрғын үй ғимараттарында газ баллондарын орнату, жем – шөптің дұрыс сақталмауы, жылыту пештерінің құдықтарын дұрыс салынбауы, өртүрлі жанғыш материалдардың шатырларында сақтау, электр есептегіш калибрленген кірістірулерді пайдалану және мас күйінде темекі шегу болып табылады. Бұл өрт қауіпсіздігінің бұзылуы, соның салдарынан өрттер мен адамдар шығыны болады.

Ақсу ауданының төтенше жағдайлар бөлімі жылыту маусымында өрт қауіпсіздігі бойынша барлық іс-шараларды қатаң сақтау керек екендігін естеріңізге салады. Үйіңіздің әл-ауқаты Сіздің орындалатын әрекеттеріңізге байланысты екенін біліңіз!

Өрт шыққанын білгенде...

Өрттің ауқымы кішкентай болса, қрандағы сумен, болмаса қалың дымқыл матамен өшіруге тырысыңыз; Өрт ауқымды болса, 101 нөміріне хабарласып, өрт шыққан мекен-жайды, ненің қалай жанып жатқанын айтыңыз. Өзіңіздің атыңыз бен нөміріңізді де беріңіз. Ол өрт сөндірушілерді күтіп алып, өрт ошағына жедел апаруға керек. «Менен де басқалар хабарласқан шығар» деп отыруға болмайды;

Ғимараттағы барлық тоқ көздерін ажыратып, газ құбырларын жабыңыз;

Егер өрт көп қабатты ғимараттың төменгі қабатында шықса, ғимараттың жоғарғы қабатына немесе төбесіне шығып, көмек күту керек;

Далаға шығу жолдарында от болмаса, тез арада ғимаратты тастап шығыңыз;

Өрт шыққан аумақтан өту үшін синтетикалық киімдерді шешіп, орнына жүн немесе мақтадан тігілген киім кию керек. Киімдерді сулап, басыңызға ішік, жейде, орамал сынды қалың дымқыл жамылғы жабыңыз. Дел осылай мұрныңыз бен ауызыңызды да жабу керек.

Ол түтіннен уланып қалудың алдын алады; Есіктерді қатты жабыңыз. Себебі от оттегі келіп, жел соққан сайын өрши түседі;

ЭЛЕКТР ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Тұрғын үйлердің өртке қарсы жағдайын талдау олардың қауіпсіз қолданылуы негізінен электр жабдықтары, электр қондырғыларымен құралдарының техникалық жағдайына байланысты екендігін көрсетеді. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірыңғай жалпы әдісі, сонымен қатар электр жабдықтарының өрт қауіпсіздігінің жеке әдісі жану кезінің пайда болу қауіпін, тез жаңғыш ортаның, өрттің таралу жолдарының пайда болуын жоюды немесе шектеуді көздейді. Өрт қауіпсіздігі талаптарымен элетротехникалық және жылыту қондырғыларын құру мен пайдалану кезінде орындалатын ережелер белгіленген, оларды орындау өзіңді өрттің пайда болу қауіпінен барынша қауіпсіздендіру мүмкіндігін береді.

Электр құралдарындағы өрт қауіпсіздігі

Электр құралдарын пайдаланған кезде:

- электр қуатын қабылдағыштарды (электр құралдарын) оларды дайындаушы мекемелердің нұсқаулықтары талаптарына сәйкес келмейтін немесе ақаулығы бар болған жағдайларда қолдануға, сонымен қатар зақымданған немесе қорғағыш белгілерін жоғалтқан оқшаулаулары бар электр сымдары мен кабельдерін пайдалануға;

- тежегіштердің балқығыш ендірімелері жанып кеткен жағдайда қолдан жасалған ендірімелерді қоюға болмайды, бұл барлық электр сымдарының қызып кетуіне, олардың қысқа тұйықталуына және өрттің пайда болуына әкеліп соғады;

- ашық электр сымдарын бояуға немесе үстінен түс қағаз жапсыруға;
- ақаулы ажыратқыштарды, розеткалар мен патрондарды қолдануға;

- электр шамдарын жанғыш материалдармен жабуға;
- жылу реттегіші жоқ немесе ақаулы электр жылытқыш құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

Электр сымдарына мөлшерден тыс салмақтың түсуін, олардың қатты қызып кетуі мен өтпелі қарсылығын болдырмау үшін жоғары қуатты бірнеше электр құралдарын бір розеткаға қосуға болмайды. Жиі түрде өрттің себептері - қосылып, қараусыз қалған электр жылытқыш құралдарының (электр плиталары, су қайнатқыштар, каминдер, үтіктер, грелкалар) жанында орналасқан жанғыш заттардың тұтануы болып табылады. Қосылған электр жылытқыш құралдары жылуы сақтайтын жанбайтын қойғыштарға орнатылуы қажет. Сымдардың оқшауларының кеуіп кетуі мен зақымдалуының алдын алу үшін оларды жылытын жерлердің (пештер, түтіндіктер, жылыту батареялары, т.б.) бетімен жүргізуге болмайды.

ЕСКЕРТУ:

Үйден ұзақ уақытқа кеткен кезде балаларыңызды жалғыз қалдырмаңыздар және электр жылытқыш және жарық бергіш құралдардың өшірілгендігін тексеріп, көз жеткізген жөн.

Түтіннің арасынан еңкейіп, тізерлеп немесе бүк түсіп өту керек;

Пәтерден шықпас бұрын есіктің ар жағында оттың бар-жоғын тексеріңіз. Ол үшін есікке жақын барып, оның тұтқасы сияқты металды жерлерін ұстап көріңіз. Ол ыстық болса, есікті ашпаңыз. Керісінше, есіктің саңылауларын дымқыл матамен бітеп тастаңыз.

Есіктің бер жағына су шашыңыз;

Ауыз-мұрныңызды дымқыл матамен жауып, пәтердегі барлық адамдарды балконға алып шығыңыз. Балкон болмаған жағдайда, терезені ашып, сырттағыларға белгі беріңіз.

Олардың сізді естігеніне сенімді болсаңыз, барлық адамдарды алып, жуыну бөлмесіне кіріп, есігін ішінен мықтап жабыңыз. Ол жерде суды ағызып, үстілеріңізді барлық киімді сулау керек. Сол жерде көмек күтіңіз;

Өрт шатырда немесе жертөледе шықса, өрт сөндірушілерді шақырып, олар келгенше өрт шыққан аумаққа апаратын есік-терезелерді, люктерді жауып тастау керек;

Өрт шыққан үйден адамдарды эвакуациялау кезінде балалардың төсектің астына, сөрелер мен қуыстарға тығылып қалатынын естен шығармаңыз.

ӨРТТІҢ ШЫҒУЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ МАҚСАТЫНДА ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ҚАҒИДАЛАРЫН САҚТАҢЫЗДАР!

- Электр өткізгіштердің, ажырат-қыштардың және тоқ көздерінің дұрыс жұмыс істеуін қадағалаңыз;

- Электр аспаптарын, плиталарды жарамды күйде қолданып, перделер мен жиһаздан алшақ, жанбайтын тіреулерде орналастырыңыз;

- Электр аспаптарын бір нүктеге қосуға жол бермеңіз, бұл электр желісінің шамадан тыс қуаттығына әкеп соқтырады;

- Қолдан жасалған қыздырғыш электр аспаптарын, қуаттың артып кетуін және қысқа тұйықталуды болдырмау үшін калибрленген ергіш ендірімелерді және басқа да қолдан жасалған аппараттарды қолданбаңыз;

- Үйді жылыту үшін газ плиталарын қолданбаңыз;

- Үйден шығарда барлық газ және электр қондырғыларының өшірілгеніне көз жеткізіңіз;

- Жылыту маусымы басталар алдында пештерді жөндеуден өткізіп, мұржаларды күл-қоқыстан айында кемінде бір рет тазартып тұрыңыз;

- Қатты отын пайдаланатын пеш есігінің астындағы жанғыш материалдан жасалған еденді өлшемі 50x70 см. кем болмайтын есік алды қаңылтырмен қорғаңыз;

- Пешке тамызғы ретінде тез жанғыш сұйықтықтарды қолдануға жол бермеңіз;

- Пештерді жағуды үйден шығар алдында кемінде 2 сағат бұрын тоқтатыңыз;

- Сіріңке мен жаңдырғыш құрал-дарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз;

- Балаларды қараусыз жалғыз қалдырмаңыз;
- Төсек орнында темекі шекпеңіз, темекі тұқылдарын балкондарын мен лоджиялардан лақтырмаңыз;

- Дайындалып жатқан тамақтың плитада бақылаусыз қалуына жол бермеңіз.

Өрт болған жағдайда «101» телефон соғыңыз құтқару қызметі телефоны «112».

ГАЗДЫ ТҰРМЫСТА ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК



Абонент пәтер ішіндегі газ жабдығының тиісті техникалық жағдайын қамтамасыз етуге міндетті.

Құрметті газ тұтынушылар! Өз денсаулығыңыз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігі туралы ойланңыздар – газ жабдығына уақытылы қызмет көрсету мен жөндеуді қамтамасыз етіңіздер!

Газды тұрмыста қолданатын халық міндетті:

- Газ аспаптарының, түтіндіктер мен желдеткіштердің қалыпты жұмыс істеуіне бақылау жасауға, түтіндікке газ жану өнімдерін бұратын газ аспаптарын қосқанға дейін және жұмыс істеуі кезінде түтін тартылуын тексеруге. Түтіндіктің «қалтасын» мерзімді тазалап отыруға.

- Газды пайдаланып болған соң, газ аспаптарында және олардың алдындағы қрандарды жабуға.

- Газ жабдығы жарамсыз болғанда «Горгаз-сервис» ЖШС кәсіпорнының қызметкерлерін шақыртуға.

- Пәтер ішінде газ иісі пайда болған кезде газ аспаптарын қолдануды дереу тоқтатуға, аспаптарға жалғанған және аспаптардағы қрандарды жабуға, үй-жайды желдету үшін терезелер мен желкөздерді ашуға, 104 телефоны бойынша апаттық қызметті шақыртуға (газдалған үй-жайдан тыс). От жақпауға, темекі тартпауға, электр жарығы мен электр құралдарды қоспауға және қосулы болса, сөндірімеуге, электр қоңырауларды пайдаланбауға.

- Газ құбырлары мен газ жабдықтарын тексеру және жөндеу үшін тәуліктің кез - келген уақытында пәтерге газ шаруашылығы кәсіпорнының қызметкерлерін олар қызметтік куәліктерін көрсеткенде кіргізуге.

Халыққа тиым салынады:

- Үйлерді (пәтерлер, бау-бақшадағы шағын үйді) газдандыруды өз бетінше жүргізуге, газ аспаптарының, баллон мен бекіту арматураларының орнын ауыстыруға, алмастыруға және жөндеуге. Кез - келген газ жүйесін құрастыру тек мамандандырылған ұйыммен жүргізілуі тиіс.

- Сәйкесінше ұйымдардың келісімінсіз, газ аспаптары орнатылған орынжайды қайта жоспарлауды жүзеге асыруға.

- Газ аспаптары орнатылған орынжайды ұйықтау мен демалу үшін қолдануға.

- Газ шығуын анықтау үшін ашық отты пайдалануға (газ шығуды анықтау сабын эмульсиясымен немесе арнайы аспаппен жүргізіледі).

- Түтін мен желдету жүйелерінің құрылысын өзгертуге.

- Екі қабаттан көп қабаттары бар тұрғын ғимараттарының пәтерлерінде баллондарды орналастыруға тыйым салынады.

- Желдету арналарын бітеп тастауға, түтіндіктерді тазалауға арналған «қалталар» мен люктерді бітеп немесе сылап тастауға.

Газды тұрмыста қолдану Ережелерін бұзған тұлғалар қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Азамат ҚАДЫРМОЛДАНОВ,

Ақсу ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ақсу аудан әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 Бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланған соң 30 күнтізбелік күннен кейін, 15 жұмыс күні ішінде,

2024 жылдың 02 желтоқсаннан 23 желтоқсанға дейін қабылданады. Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Конкурсқа қатысу туралы өтінім дерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2024 жылдың 23 желтоқсан 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2024 жылдың 24 желтоқсан 10 сағат 00 минутта мына мекен - жайда ашылады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сыйқестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауылшаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауылшаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауылшаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауылшаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауылшаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертаратпандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамай бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және 2024 жылғы "24" желтоқсанға дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

№	Орналасқан жері	Алаңы, га.	Алқап құрамы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Балл бонитеті	Су көздерімен қамтасыз өтілуі	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы
1	Есеболатов ауылдық округі	1,9202	Суармалы егістік	Солтүстік кәдімгі сұр және 10% дейін суармалы өлсіз шайылған жай солтүстік кәдімгі сұр топырақ, орташа сазды	34,0	Қажет емес	Мамандандырылған
2	Есеболатов ауылдық округі	5,0706	Суармалы егістік	Суармалы жай солтүстік кәдімгі сұр-шалғынды топырақ, жеңіл саздақты	35,0	Қажет емес	Мамандандырылған
3	Есеболатов ауылдық округі	7,1717	Суармалы егістік	Суармалы жай солтүстік кәдімгі сұр-шалғынды топырақ, жеңіл саздақты	35,0	Қажет емес	Мамандандырылған
4	Есеболатов ауылдық округі	5,0	Суармалы егістік	Суармалы аз жетілген солтүстік кәдімгі сұр топырақ, орташа саздақты, өлсіз қиыршықтасты	12,0	Қажет емес	Мамандандырылған
5	Есеболатов ауылдық округі	6,5963	Суармалы егістік	Суармалы аз жетілген солтүстік кәдімгі сұр және 10-30% суармалы толық жетілмеген солтүстік кәдімгі сұр топырақ, орташа саздақты, өлсіз қиыршықтасты	12,0	Қажет емес	Мамандандырылған
6	Есеболатов ауылдық округі	2,6176	Суармалы егістік	Суармалы жай солтүстік кәдімгі сұр-шалғынды топырақ, орташасаздақты	42,0	Қажет емес	Мамандандырылған
7	Есеболатов ауылдық округі	4,4096	Суармалы егістік	Солтүстік кәдімгі сұр және 10% дейін суармалы өлсіз шайылған жай солтүстік кәдімгі сұр топырақ, орташа сазды	34,0	Қажет емес	Мамандандырылған
8	Есеболатов ауылдық округі	5,0	Суармалы егістік	Солтүстік кәдімгі сұр және 10% дейін суармалы өлсіз шайылған жай солтүстік кәдімгі сұр топырақ, орташа сазды	34,0	Қажет емес	Мамандандырылған
9	Есеболатов ауылдық округі	5,2321	Суармалы егістік	Солтүстік кәдімгі сұр және 10% дейін суармалы өлсіз шайылған жай солтүстік кәдімгі сұр топырақ, орташа сазды	34,0	Қажет емес	Мамандандырылған
10	Есеболатов ауылдық округі	1,9394	Суармалы егістік	Солтүстік кәдімгі сұр және 10% дейін суармалы өлсіз шайылған жай солтүстік кәдімгі сұр топырақ, орташа сазды	34,0	Қажет емес	Мамандандырылған
11	Есеболатов ауылдық округі	7,75	Суармалы егістік	Суармалы аз жетілген солтүстік кәдімгі сұр және 10-30% суармалы толық жетілмеген солтүстік кәдімгі сұр топырақ, орташа саздақты, өлсіз қиыршықтасты	12,0	Қажет емес	Мамандандырылған

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННО ПРОИЗВОДСТВА

Аккусский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министра сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе Акимата Аккусского района объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течении 15 рабочих дней; с 02 декабря по 23 декабря 2024 года. по адресу: (Жетісуская область, Аккусский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан 5.) в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношений Аккусского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается : 23 декабря 2024 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена 24 декабря 2024 года в 10 часов 00 минут (Жетісуская область, Аккусский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан 5.) в кабинете заместителя Акіма района.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать: для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать: бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательная и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: "24" декабря 2024 года" (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72832) 2-21-26 (районное управление земельных отношений).

ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АКСУСКОГО РАЙОНА.

№	Местоположение	Площадь, га.	Состав угодий	Качественная характеристика почв	Балл бонитет	Водообеспеченность	Сельскохозяйственная специализация региона
1	Есеболатовский сельский округ	1,9202	Орошаемое пашня	Сероземы обыкновенные северные обычные орошаемые с дефлированные сероземами обыкновенными северными обычными слабосмытыми орошаемые до 10%, среднесуглинистые	34,0	Не требуется	Специализированный
2	Есеболатовский сельский округ	5,0706	Орошаемое пашня	Лугово-сероземные обыкновенные северные обычные орошаемые, легкосуглинистые	35,0	Не требуется	Специализированный
3	Есеболатовский сельский округ	7,1717	Орошаемое пашня	Лугово-сероземные обыкновенные северные обычные орошаемые, легкосуглинистые	35,0	Не требуется	Специализированный
4	Есеболатовский сельский округ	5,0	Орошаемое пашня	Сероземы обыкновенные северные малоразвитые орошаемые с сероземами обыкновенными северными неполноразвитыми орошаемые 10-30 %, среднесуглинистые, слабозащепенные	12,0	Не требуется	Специализированный
5	Есеболатовский сельский округ	6,5963	Орошаемое пашня	Сероземы обыкновенные северные малоразвитые орошаемые с сероземами обыкновенными северными неполноразвитыми орошаемые 10-30 %, среднесуглинистые, слабозащепенные	12,0	Не требуется	Специализированный
6	Есеболатовский сельский округ	2,6176	Орошаемое пашня	Лугово-сероземные обыкновенные северные обычные орошаемые, среднесуглинистые	42,0	Не требуется	Специализированный
7	Есеболатовский сельский округ	4,4096	Орошаемое пашня	Сероземы обыкновенные северные обычные орошаемые с дефлированные сероземами обыкновенными северными обычными слабосмытыми орошаемые до 10%, среднесуглинистые	34,0	Не требуется	Специализированный
8	Есеболатовский сельский округ	5,0	Орошаемое пашня	Сероземы обыкновенные северные обычные орошаемые с дефлированные сероземами обыкновенными северными обычными слабосмытыми орошаемые до 10%, среднесуглинистые	34,0	Не требуется	Специализированный
9	Есеболатовский сельский округ	5,2321	Орошаемое пашня	Сероземы обыкновенные северные обычные орошаемые с дефлированные сероземами обыкновенными северными обычными слабосмытыми орошаемые до 10%, среднесуглинистые	34,0	Не требуется	Специализированный
10	Есеболатовский сельский округ	1,9394	Орошаемое пашня	Сероземы обыкновенные северные обычные орошаемые с дефлированные сероземами обыкновенными северными обычными слабосмытыми орошаемые до 10%, среднесуглинистые	34,0	Не требуется	Специализированный
11	Есеболатовский сельский округ	7,75	Орошаемое пашня	Сероземы обыкновенные северные малоразвитые орошаемые с сероземами обыкновенными северными неполноразвитыми орошаемые 10-30 %, среднесуглинистые, слабозащепенные	12,0	Не требуется	Специализированный

Сенбілік бет

Қараша айы

Қаз қайтқанда қарашаның аспаны,
Тамылжыды сырлы әуездің тәтті әні.
Аспандағы ақша бұлттар би билеп,
Ақ жауынын бүркіп – бүркіп тастады.

Қаз қайтқанда қарашаның аспаны,
Кең – кеңінен ашып тастап қақпаны.
Жайып тастап дастарханды далаға,
Береке мен бірлік тойын бастады.

Қимай – қимай көкте айналды тырналар,
Қимай – қимай қош айтысты күнге олар.

Алыс жаққа жіберуге қимаған,
Адамдардың көзіндегі мұң болар.

Қарашаның басында бір жылу бар,
Қуаныш бар, шаттанып бір құлу бар.
Достарым бар құшағыма құлайтын,
Алла жазған мейізің туған күнім бар.

Қаз қайтқанда ақ шашымды ай тарап,
Жүрген жерім той – думан мен салтанат.
Барлық айдан сен ыстықсың қараша ай,
Қараша айда туғандарға мархабат.

Қалибай ШӘЙІМБЕКҰЛЫ.

Бүгін ұлттық мереке, артық болған өзгеден

Тәуелсіздік тербеген
Мен ұланмын ел деген.
Келді бізге азаттық,
Еңбекпенен, терменен.

Елім – жерім дегенде,
Бойды қуат кернеген.
Тәуелсіздік өң берген,
Ата – бабам жөндеген.

Бүгін ұлттық мереке,
Артық болған өзгеден.
Егеменді елім бар,
Болашағын көздеген.



Бұл тарихты қозғаймын,
Мақтанбасам тұрмаймын.
Армандаған бабалар,
Аманатын қорғаймын.

Жасай берсін сүйікті ел,
Бақты тәңір үйіп бер.
Жетейікші белеске,
Көк туымыз биіктер.

Бабам сеніп қалдырған,
Салтанаты жаңғырған.
Елім үшін езілем,
Жерім үшін жан құрбан.
Ермек ЕРАЛИН.

МАМАН КЕҢЕСІ

Тұздың құрамындағы йодтың адам ағзасына әсері



туалды дамуының кешеуілдеуіне, туа біткен деформациялардың жиілігінің жоғарылауына, нәресте өлімінің жоғарылауына, неврологиялық бұзылуларға (көру және есту нервтерінің зақымдануы) әкеледі. Йод тапшылығының алғашқы белгілеріне есте сақтау қабілетінің нашарлауы, шаршағыштық, ұйқышылық және т.б. Бұл белгілердің пайда болуы эндокринолог-дәрігерге жүгінуге себеп болады.

Йод тапшылығы жағдайларының алдын алуы қолжетімді және қолайлы әдіспен сапалы йодталған тұзды, тамақ өнімдерін күнделікті тұтыну арқылы шешуге болатындығы дәлелденді. Йодтың ең жоғары концентрациясы теңіз балықтары мен теңіз өнімдерінде болады (800 - 1000 мкг/кг), әсіресе, йодқа бай теңіз балдырлары. Олардың ішіндегі ең танымалы-теңіз қырыққабаты (балдыр). Балық майында да йод өте көп.

Тәулігіне 6 грамнан аспайтын мөлшерде йодталған тұзды (йод мөлшері 40 мг/кг тұз) күнделікті тұтыну арқылы адам ағзасының күнделікті физиологиялық қажеттілігін өмірлік маңызды микроэлементтермен қанағаттандырады.

Э.УТЕБАЕВА,
ҚР ДСМ Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «ҰСО» ШЖҚ РМҚ Жетісу облысы бойынша филиалының Ақсу аудандық бөлімшесі санитарық - гигиеналық зерттеулер зертханасының зертханашысы.

● Жанболат Мейірдің атындағы «Агро Ащыбұлақ» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі жабылатыны туралы хабарлаймыз.

Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды



«Әке – асқар тау», - демекші әр перзент үшін аяулы әкенің орны бөлек. Әке дегенде, нұрлы жанарымен мейірлене қарап, «айналайын» деп елжіреп тұратын аяулы тұлға көз алдымызға келеді.

Әке – әркімнің сүйенер тіреуі. Әке әркімге қымбат. Әкені ардақтай білу керек, өйткені, ол отбасының ең басты мүшесі, яғни, отағасы. «Әкеге қарап ұл өсер», - дегендей әкенің балаға үйретері көп. Ол өзінің болашағына алаңдап ойланп тұрғанады. Ол болашақта баласының жақсы болуын қалайды. Әке жақсы болса, баласы да соған еліктейді. Бала

Сыздықбаев ашып, жиналыстың тақырыбы «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» туралы таныстырып өтті. Жиналыс барысында әр сыныптан әкелер қатысып, жыл бойы жасалатын жұмысымызға жоспар талқыланды. Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, әке тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып жағымды қарым-қатынас орнату басты назарға алынды. Әкелерге клубтың мақсаты мен міндеттері түсіндірілді. Әкелерге жағымды психологиялық ахуал орната отырып, мақал-мәтелдер



қашан болмасын әкені ардақтауы керек. «Әке - асқар тау» деп бекер айтылмаған. Әркім өз әкесін әрқашан өзінен жоғары ұстауы керек. Әкені ардақтау - әркімнің міндеті, себебі, әке бұл өмірде өте қымбат адамдардың бірі болып табылады. «Әке көрген оқ жонар» - бұл да әкеге байланысты ардақты айтылған сөз. Біз әкенің бойынан күш - жігерді, батырлықты, батылдықты, қайсарлықты, білімділікті, барлық қасиеттерді көреміз. Бірі ақылды, білімді болса, бірі жігерлі, қайратты, енді бірі батыр да батыл, қайсар болып келеді. Ал, енді бірінің бойынан осы айтылғандардың бәрін көруге болады. Барлық адамдар әкені құрметтеуі, қастерлеуі, аялауы, оны өзінен жоғары ұстауы керек. Осы орайда, «Ж.Сыдықов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ-де «Даналық мектебі» жобасы аясында «Әкелер клубы» құру мақсатында жиналыс өткізілді. Жиналысты мектеп директоры Әділжан

сайысы да ұйымдастырылды. Бала тәрбиесіне байланысты жақсы бейне роликтер көрсете отырып, әкенің рөлі талқыланды. «Бір үзік сыр» айдарымен оқушылардың әкеге жазған хаттарымен аудио жазбалары ұсынылды. Әкелерге шығармашылық жұмыс ретінде «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» үш топқа бөлінген әкелер өз жұмыстарын жоғары деңгейде қорғады. Бала тәрбиесінде жіберіліп жатқан кемшіліктер туралы жақсы ой қозғалып, қызу талқыланды. Жиналыс соңында қорытындыланып, «Ең үздік әке», «Қамқоршы әке», «Патриот әке», «Белсенді әке», «Демеуші әке» номинациясы бойынша марапатталды. Әкелер клубында жақсы белсенділік танытып, үнемі мектеппен байланыста болатындығын атап өтті.

А.ҚЫДЫРМАНОВА,
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы,
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2209



Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.



Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.